

«Қазақмыс» СК» АҚ  
Директорлар Кеңесінің  
2023 жылғы «28» нептітоқсан  
№ 110 хаттама шешімімен  
Бекітілді

Сапа менеджменті жүйесі ПС-120-01																															
<b>«ҚАЗАҚМЫС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫН МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ</b>	07 редакциясы																														
<p><b>Әзірлеп жасалынған:</b></p> <p><i>Андеррайтинг басқару бөлімінің бастығы - Полянская М.В.</i></p> <p><b>Келісілген:</b></p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; margin: 10px 0;"> <thead> <tr> <th style="width: 15%;">Дата</th> <th style="width: 15%;">Время</th> <th style="width: 70%;">Ход исполнения</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>13.12.2023</td> <td>17:51:42</td> <td>Начальник управления андеррайтинга / Полянская М.В. &gt; В работу</td> </tr> <tr> <td>14.12.2023</td> <td>11:33:26</td> <td>Член Правления, Заместитель председателя Правления / Мухамедов И.Х. &gt; Согласовано</td> </tr> <tr> <td>14.12.2023</td> <td>12:04:57</td> <td>Представитель руководства по качеству / Белобродская А.С. &gt; Согласовано</td> </tr> <tr> <td>19.12.2023</td> <td>09:10:01</td> <td>Начальник управления страховых выплат / Естаев Т.Б. &gt; Согласовано</td> </tr> <tr> <td>20.12.2023</td> <td>14:48:41</td> <td>Заместитель председателя Правления / Сванкулова Е. &gt; Согласовано (согласовано)</td> </tr> <tr> <td>22.12.2023</td> <td>15:57:22</td> <td>Начальник службы комплаенс / Кембаева А. &gt; Согласовано</td> </tr> <tr> <td>25.12.2023</td> <td>09:40:11</td> <td>Начальник службы управления рисками / Керейбаева А.М. &gt; Согласовано (Согласовано)</td> </tr> <tr> <td>26.12.2023</td> <td>13:57:16</td> <td>Начальник отдела по правовой работе / Каналина К.Т. &gt; Согласовано (Согласовано)</td> </tr> <tr> <td>26.12.2023</td> <td>14:32:03</td> <td>Председатель Правления / Джангалиева А.А. &gt; Подписать</td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Түпнұсқасы шығарылған:</b></p> <p><i>Андеррайтинг басқару бөлімінің бастығы</i>  <u>М. Полянская</u></p> <p><i>Сапа жөніндегі басшылық өкілі</i>  <u>А. Белобродская</u></p>		Дата	Время	Ход исполнения	13.12.2023	17:51:42	Начальник управления андеррайтинга / Полянская М.В. > В работу	14.12.2023	11:33:26	Член Правления, Заместитель председателя Правления / Мухамедов И.Х. > Согласовано	14.12.2023	12:04:57	Представитель руководства по качеству / Белобродская А.С. > Согласовано	19.12.2023	09:10:01	Начальник управления страховых выплат / Естаев Т.Б. > Согласовано	20.12.2023	14:48:41	Заместитель председателя Правления / Сванкулова Е. > Согласовано (согласовано)	22.12.2023	15:57:22	Начальник службы комплаенс / Кембаева А. > Согласовано	25.12.2023	09:40:11	Начальник службы управления рисками / Керейбаева А.М. > Согласовано (Согласовано)	26.12.2023	13:57:16	Начальник отдела по правовой работе / Каналина К.Т. > Согласовано (Согласовано)	26.12.2023	14:32:03	Председатель Правления / Джангалиева А.А. > Подписать
Дата	Время	Ход исполнения																													
13.12.2023	17:51:42	Начальник управления андеррайтинга / Полянская М.В. > В работу																													
14.12.2023	11:33:26	Член Правления, Заместитель председателя Правления / Мухамедов И.Х. > Согласовано																													
14.12.2023	12:04:57	Представитель руководства по качеству / Белобродская А.С. > Согласовано																													
19.12.2023	09:10:01	Начальник управления страховых выплат / Естаев Т.Б. > Согласовано																													
20.12.2023	14:48:41	Заместитель председателя Правления / Сванкулова Е. > Согласовано (согласовано)																													
22.12.2023	15:57:22	Начальник службы комплаенс / Кембаева А. > Согласовано																													
25.12.2023	09:40:11	Начальник службы управления рисками / Керейбаева А.М. > Согласовано (Согласовано)																													
26.12.2023	13:57:16	Начальник отдела по правовой работе / Каналина К.Т. > Согласовано (Согласовано)																													
26.12.2023	14:32:03	Председатель Правления / Джангалиева А.А. > Подписать																													

**Алматы қ.**

## МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ.....	4
3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ .....	4
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ .....	5
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ .....	7
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ .....	7
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ.....	10
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАНДА САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ .....	13
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	13
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ МЕРЗІМІ.....	14
13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ .....	15
14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	15
15. ЗАЛАЛ КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	16
16. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	16
17. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР.....	17

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы міндетті экологиялық сақтандыру ережесі (бұдан әрі – сақтандыру ережесі) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (бұдан әрі-Кодекс), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы ереженің талаптарымен бұдан әрі сақтандырушы деп аталатын «Қазақмыс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - сақтандыру шарты, шарт) жасасады.
- 1.3. Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде орын алған апат нәтижесінде табиғи ортаның компоненттеріне келтірілген экологиялық залалды жоюды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.4. Міндетті экологиялық сақтандырудың негізгі ұстанымдары:
  - 1) осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен экологиялық залалды өтеу;
  - 2) тараптардың міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;
  - 3) апаттың алдын алуды экономикалық ынталандыру болып табылады.
- 1.5. Апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залал салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік басталған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырылушылардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені міндетті экологиялық сақтандыруға жатады.
- 1.6. Шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін уәкілетті орган анықтайды.
- 1.7. Осы сақтандыру ережесінде келесі ұғымдар қолданылады:
  - 1) **апат** - ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарындысы;
  - 2) **міндетті экологиялық сақтандыру** - апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залал салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік басталған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырылғандардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
  - 3) міндетті экологиялық сақтандыру **шарты** – «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталатын жағдаймен сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт;
  - 4) **пайда алушы** - сақтанушы немесе экологиялық залалды, соның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті өзге тұлға;
  - 5) **сақтандыру жағдайы** - басталғанда шарт сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

- 6) **сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 7) **сақтандыру сомасы** - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 8) **сақтандыру сыйлықақысы** - сақтанушының пайда алушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартында анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 9) **сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 10) **сақтандырушы** - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталғанда пайда алушыға шартта анықталған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
- 11) **сақтандырылушы** - оған қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 12) **сақтанушы** - шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;
- 13) **үшінші тұлғалар** - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынас субъектілері;
- 14) **уәкілетті орган** - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;
- 15) **шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** - шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою міндеті;
- 16) **шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрі** - нәтижесінде апат орын алған жағдайда экологиялық залал келтірілуі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

- 2.1. Шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген, апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою міндетімен байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

## 3. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері:

- 1) жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5000 еселенген мөлшерінен;
- 2) заңды тұлғамен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 65000 еселенген мөлшерінен кем болмауы тиіс.

#### **4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартындағы сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76 бастап 2,65 дейін пайызынан аспауы тиіс.
- 4.2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленеді.
- 4.3. Кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 4.4. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.
- 4.5. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқанда, сақтанушы осы сақтандыру ережесінде көзделген сақтандыру жағдайларымен танысқаннан кейін оған ұсынылған талаптармен осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

#### **5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

- 5.1. Апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып танылады.
- 5.2. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғада төменде көрсетілген барлық белгілер болуы тиіс:
  - а) - оқиғаның туындау ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
  - б) - оқиғаның туындауының нақты уақытқа немесе орынға, сондай-ақ оқиғаның туындауы нәтижесінде келтірілген залалдар мөлшеріне қатысты болжап білудің мүмкін болмауы;
  - в) - оқиға шарасыз және объективті түрде шарттың қолданылу шегінде болуы тиіс, ол туралы тараптар немесе, ең болмағанда, сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған деген қауіптің болмауы;
  - г) - оқиғаның туындауы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға әкеледі;

- д) - оқиғаның туындауы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) ерік білдіруімен және (немесе) пиғылымен байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.
- 5.3. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.
- 5.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, сақтанушы келтірген экологиялық залалды жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі.
- 5.5. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы осы сақтандыру ережесінің 8.5-тармағының ережелерін ескере отырып, экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын басшылыққа ала отырып айқындайды.

## **6. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

- 6.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы:
- 1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған пайда алушының іс-әрекеттері салдарынан орын алса.
- 6.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер де негіз бола алады:
- 1) сақтанушының келтірілген экологиялық залал үшін кінәлі тұлғадан тиісті шығыс өтемін алуы;
  - 2) осы сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;
  - 3) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
  - 4) сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
  - 5) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде және келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын анықтауда кедергі келтіруі;
  - 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға кері талап қою құқығы ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі төленген болса, сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.

- 6.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер ол сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін негіз бола алмайды.
- 6.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады, егер сақтандыру жағдайы:
- 1) әскери қимылдар, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
  - 2) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан орын алса.
- 6.5. Сақтандырушының осы сақтандыру ережесінің 6-бабында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқығы жоқ.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

- 7.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық залалды жоюға міндетті тұлғаларға қатысты қолданылады.
- 7.2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 7.3. Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан кезде, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған талаптармен сақтанушы осы сақтандыру шартын жасасқан болып есептеледі.
- 7.4. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап кемінде он екі ай қолданылады.
- 7.5. Міндетті экологиялық сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

- 8.1. Міндетті экологиялық сақтандыру «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.
- 8.2. Шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспаса, өз қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.
- 8.3. Екі және одан да көп иелері бар бір объектіде шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрін жүзеге асыру кезінде, сақтандыру полисінде сақтандырылушылар ретінде объектінің барлық иелерін көрсете отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шарты олардың кез келгенімен жасалады.
- 8.4. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

- 8.5. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында сақтандырылушы шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде орын алған апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
- 8.6. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (класы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.
- 8.7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушының сақтанушыдан міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.
- 8.8. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеу арқылы жасалады.
- 8.9. Сақтанушының өтініші міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.
- 8.10. Міндетті экологиялық сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмауы үшін сақтандырушы жауапты болады.
- Міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 8.11. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
- 8.12. Міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, сақтандырушы және сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.
- 8.13. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.
- 8.14. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен сақтандырушы, сақтандырушы мен сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 8.15. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:
- 1) сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберуді;



- 2) сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;
- 3) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы сақтанушыны (сақтандырылушыны) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен электрондық хабар түрінде хабардар етуді;
- 4) сақтанушының (сақтандырылушының) жасалған міндетті экологиялық сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 5) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 6) сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда міндетті экологиялық сақтандыру шартының және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпараттың сақталуын;
- 7) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға):
  - 1) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу;
  - 2) міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 3) сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;
  - 4) авария салдарынан келтірілген экологиялық залалдың мөлшерін бағалауды айқындау;
  - 5) сақтандыру төлемін алу;
  - 6) Заңның 22-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін қажетті электрондық нысандағы ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 8.16. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- 8.17. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарламалардың тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.
- 8.18. Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы сақтандыру шартын сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру

сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасады деп есептеледі.

- 8.19. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасасу кезінде сақтанушы Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы ол өзіне ұсынылған талаптармен қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.
- 8.20. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.
- 8.21. Сақтандыру агенттерінің міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді
- 8.22. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

### **9.1. Сақтанушы:**

- 1) сақтандырушыдан міндетті экологиялық сақтандыру талаптарын, міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 3) апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет - ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
- 4) міндетті экологиялық сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтату (осы құқық сақтанушыға ғана қолданылады);
- 5) осы Ереженің 16-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге құқылы;
- 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) өтініш пен қоса берілетін құжаттарды жолдау;
- 7) осы Ережеде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

### **9.2. Сақтанушы:**

- 1) міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 2) сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;

- 3) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 4) апат кезінде ықтимал экологиялық залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдануға;
- 5) олардың құзыретін ескере отырып, тиісті органдарға (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер, уәкілетті орган) экологиялық залал келтіруге әкелген апат туралы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 7) егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, шарт жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға **міндетті** (Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 834-бабының 1-тармағы).

Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мән-жайлар елеулі болып танылады.

Міндетті экологиялық сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### 9.3. Сақтандырушы:

- 1) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде міндетті экологиялық сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретін ескере отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) сақтанушыдан және сақтандырылушыдан экологиялық залал келтіру тәуекелін бағалау үшін қажетті, орын алған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері және салдары туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге мән-жайларын анықтау үшін экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізуге;
- 5) апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың ауқымын бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

- 6) сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін және одан кейін жүзеге асыратын қоршаған ортаның, шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің жай-күйіне өз зерттеулерін жүргізуге;
- 7) осы сақтандыру ережесінің 15-бабында көзделген жағдайларда, келтірілген экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;
- 8) осы сақтандыру ережесінің 6-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

#### 9.4. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 2) өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беруге;
- 3) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;
- 4) міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар ету кезінде, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға оны дереу тіркеу және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметтерді ұсыну;
- 5) сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша апат салдарынан болған экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жазбаша нысанда жүргізсін, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып, сақтандыру актісін жасасын және оны пайда алушыға таныстыруға ұсыну;
- 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін төлеуге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтанушы (пайда алушы) экологиялық залалды жою үшін сақтандырушы өтеуі тиіс төлемнің мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болғанда, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 8) сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында жұмсалған шығыстарын өтеуге;
- 9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 10) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға осы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жіберу»;

- 11) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш түскен жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды бұдан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 12) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған жағдайда, осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына жіберуге **міндетті**.

#### 9.5. Пайда алушының құқықтары:

- 1) сақтанушы (сақтандырылушы) шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандырушыға хабарлау;
- 2) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды жинау және оларды сақтандырушыға ұсыну;
- 3) апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;
- 4) апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет - ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
- 5) осы сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алу;
- 6) осы Ереженің 16-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) өтініш пен қоса берілетін құжаттарды жолдау.

#### 10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАНДА САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ

- 10.1. Сақтанушы оған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оның басталғаны туралы сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті.

Егер сақтанушы сақтандырылушы болып табылмаса, мұндай міндет сақтандырылушыға жүктеледі.

#### 11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 11.1. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті

құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

11.2. Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандырушыға сақтандырушының рұқсаты бар мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

11.3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиациялау бағдарламасының көшірмесі;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде экологиялық залалдың алдын алу немесе азайту мақсатында сақтанушының жұмсалған шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде;
- 3) кейбір жағдайларда - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыны жауапты деп таныған сот шешімі.

11.4. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.5. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда бере алады.

## **12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ МЕРЗІМІ**

12.1. Сақтанушы немесе экологиялық залалды, соның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

12.2. Сақтандыру төлемдері апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнынан аспауы тиіс.

12.3. Сақтанушының (пайда алушының) жазбаша өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жұмыстарын орындаған (орындайтын) және қызметтерді көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей төлене алады.

12.4. Осы сақтандыру ережесінің сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын 11.3-тармағында көзделген құжаттар жеткіліксіз болғанда, сақтандырушы оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлайды.

12.5. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін талаптарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

### **13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

- 13.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдайды және сақтандыру төлемін осы сақтандыру ережесінің 11.3-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.
- 13.2. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы шағымданған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру төлемін көрсетілген тұлғалардың ешқайсысы шағымданбайтын бөлігінде, сақтандыру ережесінің 13.1-тармағында белгіленген мерзім ішінде дереу жүзеге асыруға міндетті.
- 13.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің даулы бөлігін бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап немесе егер сот шешімді дереу орындауға жібермесе, осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс.
- 13.4. Сақтандыру төлемі уақтылы төленбеген жағдайда, сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 13.5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы талап қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

### **14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

14.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 3) сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылған болып есептеледі.

14.2. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

14.3. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін келесі мөлшерде қайтарып алуға құқылы:

p/c №	Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3

1.	1 айға дейін қоса алғанда	20
2.	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30
3.	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40
4.	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50
5.	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60
6.	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70
7.	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75
8.	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80
9.	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85
10.	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90
11.	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95
12.	11 айдан жоғары	100

## 15. ЗАЛАЛ КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының келесі жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қою құқығы бар:

- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер (әрекетсіздік) жасауы;
- 2) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 3) сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығы өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

15.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға оның төлеген сомасы шегінде сақтанушының экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады, оны жою құнын сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес төлейді.

## 16. МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

16.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда сақтанушы (пайда алушы):

- 1) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін өтінішті сақтандыру



омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) немесе сотқа жолдау.

- 16.2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұдан әрі дауды реттеу тәртібін көрсете отырып, өтінішті қарайды және жазбаша жауап береді.
- 16.3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

## **17. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР**

- 17.1. Егер шартта осындай ережелердің қолданылуы тікелей көрсетілсе және осы ережелер шартта жазылса не оған қоса берілсе, сақтандыру ережесінде қамтылған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптар тараптар үшін міндетті болып табылады. Соңғы жағдайда сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыға сақтандыру ережесін ұсынуды тараптар шартта көрсетулері тиіс.